

## «БІЛІМ КӨЗІ - КІТАПТА» тақырыбында қалалық бірлескен семинар өтті

Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының негізінде «Физика және математика» кафедрасымен Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы «100 жаңа оқулық» жобасы аясында «Білім көзі кітапта» тақырыбында бірлескен қалалық семинар ұйымдастырды.

Семинарға кафедраның профессор-оқытушылар құрамы, физика және математика мамандығының 3, 4 курс студенттері мен колледждің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының «100 жаңа оқулық» жобасы бойынша бекітілген оқу орыны әдіскері Гүлхашима Оразова, кітапханашы Екатерина Қолдасбаева, колледж аудармашысы Әсемгүл Сейдахметова, сонымен қатар колледждің 2 курс студенттері қатысты. Семинар барысында кафедра оқытушылары Институтқа «100 жаңа оқулықты» аудару жобасы аясында ауда-



рылып, қолданысқа берілген 17 кітапты таныстырып, кітаптарға жеке-жеке шолу жасап, жалпы мазмұнына тоқталып өтті. Бұл кітаптар саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, дінтану, лингвистика, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік ғылымдары бағыты бойынша болды. Студенттер де барынша белсенді атсалысып, көкейлеріндегі сұрақтарына жа-

уап тауып жатты. Әрине қазіргі заман талабы өз қатарыңнан қалмай заманыңмен ілесіп жүру. Бұл кітаптар әлемнің озық оқу орындарының тәжірибесінен өткен таптырмас қазына десек те болады. Шет елдің кітаптарын өз тілімізде оқу, олардан білім алу біздің жастарымызға беріліп отырған зор мүмкіндік. Осы орайда семинарда «100 жаңа оқулық – қазақ ғылымының

жаңа белесі» тақырыбына баяндама жасадым. Баяндамада «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының «100 жаңа оқулық» жобасы бойынша осы уақытқа дейін атқарылып жатқан жұмыстар, бұл жобаның бізге берер пайдасы, болашақ жоспарлар мен жұмыс нәтижелері туралы баяндалды.

Бірлесіп атқарылған семинар өз деңгейінде өтті. Бұл оқу-

лықтар ЖОО-на беріліп отыр, біздің студенттер үшін бұл кітаптармен танысуға, беттерін ақтаруға жақсы мүмкіндік болды. Қатысқан колледж оқытушылары ректор атынан «Алғыс хаттармен» марапатталды.

Әсемгүл НҰРЛАНҚЫЗЫ,  
Н. Құлжанова атындағы ТТК  
аудармашысы